

ҚАЗТҰТЫНУОДАҒЫ  
ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТИ

---



КАРАГАНДИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ  
КАЗПОТРЕБСОЮЗА

---

**ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТИ ҚАЗТҰТЫНУОДАҒЫ**

**ӨНДІРІСТІК ТӘЖІРИБЕ БАҒДАРЛАМАСЫ**  
магистранттар үшін  
**«СПОРТТЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ» ББ**  
**(7M04118, ЕМВА)**

**Қарағанды 2024**

Осы өндірістік тәжірибе бағдарламасы п.ғ.к., профессор Сырымбетова Л.С. мынадай құжаттардың талаптарына сәйкес жасалған: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (өзгерістермен), Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (өзгерістермен), Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары (өзгерістермен), Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңы (2014, № 228-V), Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты 2022–2026 жылдарға дамыту тұжырымдамасы, «Атамекен» ҰКП Төрағасы Кеңесінің 30.12.2022 жылғы № 257 бұйрығымен бекітілген «Спорт және фитнес-клубтарын (ұйымдарды) басқару» кәсіби стандарты, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптамасы № 569 (өзгерістермен), Қарағанды университеті Қазтұтынуодағының 7M04118 «Спорт менеджменті» (EMBA) модульдік білім беру бағдарламасы, Қарағанды университеті Қазтұтынуодағында тәжірибе (тағылымдама) өтудің ережелері.

Бағдарлама «Спорттық менеджмент» ББ Академиялық комитетінің отырысында талқыланып, бекітілген.

Хаттама № 3, «14» наурыз 2024 ж.

Академиялық комитет төрағасы \_\_\_\_\_



Ералин Б.М.

## 1. Нормативтік сілтемелер

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, 27.07.2007 ж. (өзгерістер мен толықтырулармен).
2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (20.02.2023 ж. өзгерістермен).
3. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 30.10.2018 жылғы № 595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (өзгерістермен).
4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 20.04.2011 жылғы № 152 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары (өзгерістермен).
5. «Атамекен» ҰКП Төрағасы Кеңесінің 30.12.2022 жылғы № 257 бұйрығымен бекітілген «Спорт және фитнес-клубтарын (ұйымдарды) басқару» кәсіби стандарты.
6. «Атамекен» ҰКП Төрағасы Кеңесінің 30.12.2022 жылғы № 257 бұйрығымен бекітілген «Спорт секцияларында жаттықтыруды және оқытуды ұйымдастыру» кәсіби стандарты.
7. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптамасы № 569, 2018 жылғы 13 қазан (өзгерістермен).
8. Қарағанды университеті Қазтұтынуодағының 7М04118 «Спорт менеджменті» (ЕМВА) модульдік білім беру бағдарламасы.
9. Қарағанды университеті Қазтұтынуодағында тәжірибе (тағылымдама) өтудің ережелері.

## **2. Өндірістік тәжірибенің мақсаты мен жалпы міндеттері**

Өндірістік тәжірибе 7M04118 «Спорт менеджменті» (EMBA) білім беру бағдарламасының міндетті компоненті және жоғары квалификациялы спорт менеджерлерін кәсіби даярлаудың маңызды кезеңі болып табылады. Тәжірибе оқу процесінде алынған теориялық білімдерді дене шынықтыру-спорт ұйымын басқару саласындағы практикалық дағдыларды, негізгі құзыреттіліктерді және кәсіби қызмет тәжірибесін дамыту мен жетілдіруге бағытталған.

Өндірістік тәжірибе магистранттарда дене шынықтыру-спорт ұйымын стратегиялық және операциялық басқарудың тұрақты практикалық дағдыларын, басқарушылық жағдайларды талдау, негізделген шешімдер қабылдау және нақты кәсіби қызмет жағдайларында кәсіби құзыреттіліктерді іске асыру іскерліктерін қалыптастыруды болжайды.

### **2.1. Өндірістік тәжірибенің мақсаты**

Өндірістік тәжірибенің мақсаты – магистранттың дене шынықтыру-спорт ұйымын басқару саласындағы кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру және бекіту: менеджмент, маркетинг, қаржы, кадрларды басқару және стратегиялық жоспарлау салаларындағы теориялық білімдер мен практикалық іскерліктерді кіріктіру негізінде дербес кәсіби қызмет тәжірибесін жинақтау.

### **2.2. Өндірістік тәжірибенің негізгі міндеттері**

–Теориялық білімдерді бекіту және осы негізде спорт менеджменті саласындағы кәсіби іскерліктер, дағдылар мен құзыреттіліктерді қалыптастыру.

–Дене шынықтыру-спорт ұйымының ұйымдық құрылымын, басқару жүйесін, нормативтік-құқықтық және құжаттамалық базасын зерделеу.

–Дене шынықтыру-спорт ұйымының қызметін жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау және бағалаудың практикалық дағдыларын меңгеру.

–Персоналды басқару саласындағы құзыреттіліктерді дамыту: штат кестесін жасау, еңбек процесін ұйымдастыру, қызметкерлерді бағалау және ынталандыру.

–Спорт нысандарын техникалық пайдалану тәжірибесін меңгеру: жоспарлы-алдын алу жөндеу, мүліктер мен жабдықтарды басқару.

–Қаржылық-экономикалық басқару дағдыларын қалыптастыру: бюджеттеу, кіріс пен шығысты талдау, қаржылық және статистикалық есеп беру.

–Маркетингтік стратегияны әзірлеу және іске асыру, дене шынықтыру-спорттық қызметтерді жылжыту тәжірибесін меңгеру.

–Дене шынықтыру мен спорт саласындағы мемлекеттік реттеу тетіктерін, басқару органдарымен өзара іс-қимылды зерделеу.

–Нақты басқарушылық жағдайларды талдау және ұйымның қызметін жетілдіру жөнінде негізделген ұсынымдар әзірлеу.

–Кәсіби құзыреттіліктердің қалыптасу деңгейін көрсететін аналитикалық есеп дайындау.

### **2.3. Өндірістік тәжірибені өту нәтижесінде қалыптасатын құзыреттіліктер**

Өндірістік тәжірибені өту нәтижесінде магистрантта мынадай құзыреттіліктер қалыптасады:

- Спорт ортасының белгісіздігі жағдайында стратегиялық ойлауға және басқарушылық шешімдер әзірлеуге қабілеттілік
- Дене шынықтыру-спорт ұйымындағы адами ресурстарды басқару әдістерін меңгеру
- Спорт ұйымының қаржысын, табыстылығын және экономикалық тұрақтылығын басқара білу
- Дене шынықтыру-спорт ұйымын кешенді басқаруға қабілеттілік: операциялық, тактикалық және стратегиялық деңгейлер
- Дене шынықтыру-спорт ұйымын дамытуды стратегиялық жоспарлау және басқару технологияларын меңгеру
- Дене шынықтыру-спорттық қызметтің ақпараттық-әдістемелік сүйемелдеуін ұйымдастыра білу
- Спорт инфрақұрылымын басқаруға қабілеттілік: техникалық пайдалану, жаңғырту, қауіпсіздікті қамтамасыз ету
- Дене шынықтыру-спорттық қызметтерді жылжыту және ұйымның коммерциялық тиімділігін арттыру үшін маркетингтік технологияларды қолдана білу

### **2.4. Магистранттың оқыту нәтижелері**

Өндірістік тәжірибені өту нәтижесінде магистрант:

- цифрлық құралдар мен ақпараттық басқару жүйелерін қоса алғанда, дене шынықтыру-спорт ұйымын басқарудың заманауи технологияларын қолданады;
- спорт ұйымы менеджерінің функцияларын жүзеге асырады: жоспарлау, ұйымдастыру, персоналды ынталандыру, қызмет нәтижелерін бақылау және бағалау;
- нақты ұйымға бейімделген стратегиялық және оперативтік құжаттарды (жоспарлар, регламенттер, ережелер) әзірлейді;
- спорт ұйымы қызметінің қаржылық-экономикалық көрсеткіштерін талдайды, басқарушылық, қаржылық және статистикалық есептілікті жасайды;
- персоналмен жұмысты ұйымдастырады: лауазымдық нұсқаулықтарды, кадрлық құжаттарды жасайды, жалдау және аттестаттау рәсімдеріне қатысады;
- спорт нысандары мен жабдықтарды техникалық пайдалануды басқарады, жоспарлы-алдын алу қызмет көрсетуді ұйымдастырады;
- дене шынықтыру-спорттық қызметтің ақпараттық және әдістемелік қамтамасыз етілуіне бағытталған іс-шараларды әзірлейді және іске асырады;
- дене шынықтыру-спорт ұйымының қызметтерін жылжыту үшін маркетинг және PR құралдарын қолданады;

– кәсіби қызметте дене шынықтыру мен спорт саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін талдайды және пайдаланады;

– спорт саласындағы экономикалық процестердің табиғатын түсінеді және ұйым қызметінің тиімділігін арттыру үшін кәсіпкерлік дағдыларды қолданады;

– ұйым басшылығымен, персоналмен, серіктестермен және мемлекеттік органдармен кәсіби қарым-қатынас дағдыларын көрсетеді;

– басқарушылық қызметтің өзін-өзі талдауын және кәсіби рефлексиясын жүргізе алады, негізделген басқарушылық ұсынымдар жасайды.

### **3. Өндірістік тәжірибенің мазмұны**

Магістранттар жұмысының мазмұны мен сипатына қарай өндірістік тәжірибе 3 кезеңге бөлінеді:

#### **I кезең – ұйымдастырушылық.**

Ұйымдастырушылық кезеңнің мақсаты – тәжірибеге теориялық және ұйымдастырушылық дайындық. Ұйымдастыру конференциясында барлық ұйымдастыру мәселелерін шешуді қарастырады: тәжірибенің мақсаты мен міндеттерімен, бағдарламамен, есеп беру құжаттамасымен, кәсіпорын тарапынан тәжірибе жетекшісімен және тәжірибенің бақылау мерзімдерімен танысу. Магістрант тәжірибеге жолдама, бағдарлама және жоспар-кесте алады.

#### **II кезең – негізгі.**

Негізгі кезең таныстыру және кәсіби-қызметтік кезеңдерден тұрады. Алғашқы екі-үш күн ішінде магістрант тәжірибе базасымен, оның ұйымдық құрылымымен, басқару жүйесімен, нормативтік базасымен және іс жүргізумен танысады; жеке жоспар-кестені жасайды және кәсіпорын тарапынан тәжірибе жетекшісімен келіседі; күнделікке бақылауларын жазып отырады, ол күн сайын толтырылады.

Жұмыс кезеңі тәжірибенің негізгі бөлігін құрайды, осы кезеңде магістрант дене шынықтыру-спорт ұйымы қызметінің төрт негізгі бағыты бойынша тапсырмаларды орындайды:

– 1-бағыт. Дене шынықтыру-спорт ұйымының персоналын басқару: кадрлық құжаттамамен, штат кестесімен, лауазымдық нұсқаулықтармен танысу; еңбекті ынталандыру мен жігерлендіру жүйесін талдау; персоналмен жұмысқа қатысу (кадрлық мәселелерді талқылау, кеңестерге қатысу).

– 2-бағыт. Спорт нысандарын, мүліктер мен жабдықтарды техникалық пайдалану, жөндеу және жаңғырту: техникалық құжаттамамен, техникалық қызмет жоспарларымен, мүлік карточкаларымен танысу; спорт жабдықтарын сатып алу және есепке алу жүйесін талдау; нысандардың техникалық жай-күйін бағалауға қатысу.

– 3-бағыт. Ақпараттық және әдістемелік қамтамасыз ету: қызметті жоспарлау жүйесімен танысу (жылдық жоспарлар, оперативтік жоспарлар, есептер); әдістемелік құжаттарды әзірлеуге қатысу; есепке алу мен есептілік жүйелерімен, басқарудың цифрлық құралдарымен танысу.

– 4-бағыт. Табыстылықты басқару, қаржылық және статистикалық есептілік: ұйымның қаржылық моделімен, қаржыландыру көздерімен және шығыстар құрылымымен танысу; қаржылық, бухгалтерлік және статистикалық есептілікпен танысу; табыстылықты арттыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеуге қатысу.

### **III кезең – бақылау-бағалау.**

Қорытынды кезеңде магистрант тәжірибе материалдарын жүйелейді және жинақтайды, күнделікті ресімдейді және базалық ұйымға нақты басқарушылық ұсынымдарды қамтитын аналитикалық бөлімі бар өндірістік тәжірибе туралы есеп дайындайды. Есепті қорғау кафедра комиссиясының отырысында жүргізіледі.

### **Негізгі кезеңдегі магистрант жұмысының үлгілік жоспар-кестесі:**

<b>Апта</b>	<b>Бағыты</b>	<b>Жұмыстардың мазмұны</b>	<b>Нәтиже</b>
1	Ұйымдастырушылық кезең	Ұйыммен, оның құрылымы мен нормативтік базасымен танысу. Жеке жоспар-кесте жасау. Еңбекті қорғау бойынша нұсқаулық. Күнделік жүргізуді бастау.	Жеке жоспар-кесте
2–3	1-бағыт. Персоналды басқару	Кадрлық құжаттамамен, штат кестесімен, лауазымдық нұсқаулықтармен танысу. Еңбекақы мен ынталандыру жүйесін талдау. Персоналмен жұмысқа қатысу.	1-аналитикалық жазба
4–5	2-бағыт. Техникалық пайдалану және инфрақұрылым	Техникалық құжаттамамен, мүлік карточкаларымен танысу. Спорт нысандары мен жабдықтардың жай-күйін бағалау. Техникалық қызмет жоспарын талдау.	2-аналитикалық жазба
6–7	3-бағыт. Ақпараттық және әдістемелік қамтамасыз ету	Жоспарлау мен есептілік жүйесін зерделеу. Әдістемелік материалдарды әзірлеуге қатысу. Басқарудың цифрлық	3-аналитикалық жазба

		құралдарымен танысу.	
8–10	4-бағыт. Табыстылықты басқару және есептілік	Қаржылық моделмен, кіріспен шығыс құрылымымен танысу. Қаржылық және статистикалық есептілікпен танысу. Табыстылықты арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу.	4-аналитикалық жазба
11–13	Барлық бағыттар бойынша тереңдетілген жұмыс	Есептің аналитикалық бөлімін әзірлеу. Базалық ұйымға арналған басқарушылық ұсынымдарды дайындау. Университет тарапынан тәжірибе жетекшісімен кеңестер.	Есеп жобасы
14–15	Бақылау-бағалау кезеңі	Күнделік пен есепті ресімдеу. Кәсіпорыннан мінездеме алу. Презентация дайындау. Қорытынды конференцияға қатысу. Есепті қорғау.	Есеп, презентация

#### 4. Өндірістік тәжірибені ұйымдастыру

##### 4.1. Өндірістік тәжірибені өткізу объектілері, кезеңі мен ұзақтығы

Магістранттардың өндірістік тәжірибесі дене шынықтыру-спорт ұйымдарында, дене шынықтыру мен спортты мемлекеттік басқару органдарында, сондай-ақ қызметі 7M04118 «Спорт менеджменті» (EMBA) білім беру бағдарламасының даярлау бейіне сәйкес келетін өзге де ұйымдарда жүргізіледі.

Магістранттардың өндірістік тәжірибесінің базалары ретінде қызметі білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес келетін, тәжірибеге жетекшілік жасауға арналған білікті мамандары және қажетті материалдық-техникалық базасы бар ұйымдар айқындалады. Тәжірибе базаларына мыналар жатады:

- кәсіби спорт клубтары (футбол, хоккей, баскетбол, волейбол және өзгелері);
- дене шынықтыру-спорт кешендері, спорт сарайлары, стадиондар;
- спорт федерациялары мен қауымдастықтары;
- балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері (БЖСМ), олимпиялық резерв мектептері (БОРШМ);
- коммерциялық сектордың фитнес-клубтары мен wellness-орталықтары;
- облыстар мен қалалар әкіматтарының дене шынықтыру және спорт басқармалары;

- республикалық спорттық дайындық орталықтары мен ғылыми-әдістемелік орталықтар;
- жоғары оқу орындарының спорт кафедралары мен дене шынықтыру орталықтары.

Сыртқы ұйымдарда тәжірибені ұйымдастыру ҚарУҚ мен ұйым (тәжірибе базасы) арасында жасалған екіжақты шарт негізінде жүзеге асырылады. Тәжірибеден өтуге шарт оқу жылы басталғанға дейін және/немесе тәжірибе басталғанға дейін бір айдан кешіктірілмей жасалады.

Өндірістік тәжірибе оқу процесінің кестесіне сәйкес мерзімдерде жүзеге асырылады. Өндірістік тәжірибенің көлемі – 8 кредит.

Өндірістік тәжірибенің басталу және аяқталу күндері университет ректорының бұйрығымен белгіленеді. Ректордың бұйрығы негізінде «Дене шынықтыру және спорт менеджменті» кафедрасы магистрантқа тәжірибеге жолдама (1-қосымша), тәжірибе бағдарламасы мен жоспар-кесте береді.

#### **4.2. Өндірістік тәжірибеге жетекшілік ету және бақылау әдістері**

7M04118 «Спорт менеджменті» (EMBA) білім беру бағдарламасы бойынша өндірістік тәжірибеге жетекшілік ету мен ұйымдастыруды «Дене шынықтыру және спорт менеджменті» бітіруші кафедрасы жүзеге асырады. Тәжірибе басталғанға дейін екі-үш күн бұрын университет тарапынан тәжірибе жетекшілерінің міндетті қатысуымен магистранттарға нұсқаулық өткізіледі.

«Дене шынықтыру және спорт менеджменті» кафедрасы спорт менеджменті саласындағы құзыреттіліктерге ие тәжірибелі оқытушылар арасынан университет тарапынан тәжірибе жетекшілерін тағайындайды.

Кәсіпорында магистранттардың өндірістік тәжірибесін ұйымдастыруға жауапкершілік ұйым басшысына немесе уәкілетті маманға жүктеледі.

##### **Университет тарапынан өндірістік тәжірибе жетекшісінің міндеттері:**

- Тәжірибе базасындағы магистрант жұмысының жеке жоспар-кестесін жасауға жәрдем көрсету.
- Магистранттарды тәжірибе мәселелері, есеп жасау және күнделік жүргізу бойынша кеңестендіру.
- Тәжірибе базасының басшылығы арқылы магистранттарға қажетті жағдайлар жасау жөнінде шаралар қолдану.
- Магистранттар жұмысының сапасын тексеру және тәжірибенің жоспар-кестесінің орындалуын бақылау.
- Екі аптада кемінде бір рет аралық кеңестер өткізу.
- Өндірістік тәжірибе туралы қорытынды есепті тексеру және пікір жазу.
- Есептерді қорғауда комиссия жұмысына қатысу.

##### **Кәсіпорын тарапынан өндірістік тәжірибе жетекшісінің міндеттері:**

- Білікті жетекшілік жасау және магистрантты жұмыс орнымен және қажетті құжаттамаға қол жеткізумен қамтамасыз ету.
- Магистрантқа қажетті түсіндірулер беру және белгілі бір жұмыс түрлерін уақтылы және сапалы орындауын талап ету.
- Бекітілген бағдарлама мен жоспар-кестеге сәйкес тәжірибеге жетекшілік ету.

- Магістранттың ұйым кеңестеріне, жұмыс кездесулері мен іс-шараларына қатысуына жағдай жасау.
- Қатысуды бақылап, тәжірибе күнделігін апта сайын өз қолымен куәландыру.
- Тәжірибе аяқталған соң магістрант жұмысы туралы жазбаша мінездеме беру және оның жасаған есебі мен күнделігін куәландыру.

#### **Магістранттың міндеттері:**

- Ректор бұйрығымен белгіленген мерзімде тәжірибе орнына келу.
- Кәсіпорында қолданылып жүрген ішкі еңбек тәртібі ережелерін және еңбек заңнамасының талаптарын қатаң сақтау.
- Ұжымның кеңестері мен іс-шараларына қатысу.
- Тәжірибе базасының тарапынан тәжірибе жетекшісінің нұсқауларын және жоспар-кестеге сәйкес тәжірибе бағдарламасын орындау.
- Кафедра тарапынан тәжірибе жетекшісінен кеңес алу.
- Базалық ұйымның қызметіне қолданылатын дене шынықтыру мен спорт саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін зерделеу.
- Белгіленген нысан бойынша тәжірибе күнделігін жүргізу және оған күнделікті жазбалар жасау.
- Аналитикалық жазбалар мен аралық материалдардың мазмұнын тәжірибе базасының тарапынан жетекшімен келісу.
- Өндірістік тәжірибе туралы есеп жасау және оны кафедраға өткізу.

#### **5. Есеп жасауға арналған әдістемелік нұсқаулар**

Өндірістік тәжірибенің нәтижелерін магістрант екі бөліктен тұратын есеп нысанында жинақтайды: негізгі және қосымша.

Есептің негізгі бөлігі (3-қосымша) мыналарды қамтиды: титулдық парақ; магістранттың жеке жоспар-кестесі; кәсіпорын тарапынан тәжірибе жетекшісінің қолымен куәландырылған апталық жазбалары бар күнделік-есеп; тәжірибенің төрт бағыты бойынша аналитикалық жазбалар; кәсіпорын тарапынан тәжірибе жетекшісінің магістрант туралы мінездемесі; ұйымның мөрімен куәландырылған кәсіпорын тарапынан жетекшінің бағасы.

Есептің қосымша бөлігі – магістранттың портфолиосы (4-қосымша) – мыналарды қамтиды: ұйымның нормативтік және басқарушылық құжаттарының көшірмелері (құпиялылық шарттарын сақтай отырып); магістрант жасаған аналитикалық материалдар, басқарушылық ұсынымдар, кестелер мен сызбалар; тәжірибе мазмұнын суреттейтін өзге де материалдар.

#### **Есепті ресімдеуге қойылатын талаптар:**

- Есептің негізгі бөлімінің көлемі – қосымшалар мен күнделікті есептемей кемінде 20 бет басылған мәтін.
- Қарпі: Times New Roman, 14 пт, жол аралығы 1,5.
- Шеттері: сол жақ – 3 см, оң жақ – 2 см, жоғарғы – 2 см, төменгі – 2 см.
- Беттердің нөмірі төменде ортасында.

- Аналитикалық бөлімдер мәтінінің бірегейлігі: Antiplagiat жүйесі бойынша кемінде 60 %.
- Пайдаланылған әдебиеттер тізімі: кемінде 10 атау.

### **Есептің құрылымы:**

- Титулдық парақ.
  - Мазмұны.
  - Кіріспе: базалық ұйымның қысқаша сипаттамасы, тәжірибенің мақсаты мен міндеттері.
  - 1-бөлім. «Персоналды басқару жүйесі» аналитикалық жазбасы (көлемі – 3–4 бет).
  - 2-бөлім. «Техникалық пайдалану және инфрақұрылымды басқару» аналитикалық жазбасы (көлемі – 3–4 бет).
  - 3-бөлім. «Ақпараттық және әдістемелік қамтамасыз ету» аналитикалық жазбасы (көлемі – 3–4 бет).
  - 4-бөлім. «Табыстылықты басқару және қаржылық есептілік» аналитикалық жазбасы (көлемі – 3–5 бет).
  - 5-бөлім. Басқарушылық ұсынымдар: ұйым қызметін жетілдіру жөніндегі негізделген ұсыныстар (көлемі – 3–4 бет).
  - Қорытынды: тәжірибе туралы тұжырымдар, кәсіби нәтижелер, қалыптасқан құзыреттіліктерді өзін-өзі бағалау.
  - Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.
  - Қосымшалар: күнделік, мінездеме, кестелер, сызбалар, құжат үлгілері.
- Университет тарапынан тәжірибе жетекшісі тексергеннен кейін есеп жұмсақ мұқабаға тігіліп, кафедраға тапсырылады.

### **6. Өндірістік тәжірибенің қорытындысын шығару**

Өндірістік тәжірибені өту нәтижелерін бағалау үшін магистрант «Дене шынықтыру және спорт менеджменті» кафедрасына тиісті қосымшалармен бірге есепті ұсынады.

Кафедра есепті пікір жазу үшін оқытушыға береді. Оқытушының оң пікірі болған жағдайда есеп қорғауға шығарылады.

Өндірістік тәжірибе бойынша есептерді қорғау үшін кафедра меңгерушісі комиссия құрады: университет тарапынан тәжірибе жетекшісі және мүмкіндігінше тәжірибе базасының тарапынан жетекші.

Әрбір магистрант комиссия отырысында өндірістік тәжірибе туралы есепті қорғайды. Комиссия магистранттың қатысуымен балдық-рейтингтік әріптік жүйе бойынша баға қояды.

Өндірістік тәжірибеге келмеген, бағдарламаны орындамаған, теріс пікір немесе есепті қорғауда қанағаттанарлықсыз баға алған магистрант тәжірибені қайтадан өтуге немесе жазғы семестрге жіберіледі.

Өндірістік тәжірибе бойынша есепті қорғаудың қорытынды бағасы ведомостьқа және магистранттың транскриптіне енгізіледі. Титулдық парақта «Қорғалды, баға» деп жазылып, күні мен комиссия мүшелерінің қолдары қойылады.

## Ұсынылатын әдебиет

### Нормативтік құқықтық актілер

10. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Астана, 1995 (өзгерістер мен толықтырулармен).
11. Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңы, 2014 жылғы 3 шілдедегі № 228-V.
12. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III.
13. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы, 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V.
14. Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты 2022–2026 жылдарға дамыту тұжырымдамасы. – Астана: ҚР Мәдениет және спорт министрлігі, 2022.

### Негізгі әдебиет

15. Золотов М.И., Кузин В.В., Кутепов М.Е. Дене шынықтыру мен спорттың менеджменті мен экономикасы: оқу құралы. – М.: Академия, 2021. – 432 б.
16. Переверзин И.И. Спорт ұйымының менеджменті: оқу құралы. – 3-басылым. – М.: СпортАкадемПресс, 2020. – 464 б.
17. Починкин А.В. Дене шынықтыру мен спорт саласындағы менеджмент. – М.: Советский спорт, 2021. – 264 б.
18. Галкин В.В. Спорт экономикасы мен спорттық бизнес. – М.: КноРус, 2019. – 320 б.
19. Алексеев С.В. Ресейдің спорт құқығы: оқулық. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2019. – 671 б.
20. Каченков А.А. Фитнес-клубты ұйымдастыру: бизнес-процестер, басқару, маркетинг. – М.: Эксмо, 2020. – 256 б.
21. Жолдақ В.И., Зуев В.Н. Дене шынықтыру мен спорт саласын басқару. – М.: Советский спорт, 2018. – 372 б.
22. Аристова Л.В. Спорт нысандары: оқу құралы. – М.: Физкультура и спорт, 2020. – 318 б.

### Қосымша әдебиет

23. Foster G., O'Reilly N., Dávila A. Sports Business Management: Decision Making Around the Globe. – New York: Routledge, 2020. – 536 p.
24. Masteralexis L.P., Barr C.A., Hums M.A. Principles and Practice of Sport Management (6th ed.). – Burlington: Jones & Bartlett Learning, 2019. – 608 p.
25. Westerbeek H., Smith A., Turner P. Managing Sport Facilities and Major Events (3rd ed.). – London: Routledge, 2021. – 348 p.
26. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі [Электрондық ресурс]. – URL: <https://www.mks.gov.kz>
27. ҚР МКС Спорт және дене шынықтыру істері жөніндегі комитеті [Электрондық ресурс]. – URL: <https://sport.gov.kz>

### ЖОЛДАМА

Қарағанды университеті Қазтұтынуодағы шарт пен ректордың № \_\_\_\_\_  
« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж. бұйрығы негізінде

\_\_\_\_\_

магістрантын өндірістік тәжірибеден өту үшін

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

ұйымына жолдайды.

Тәжірибенің басталу мерзімі « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.  
Тәжірибенің аяқталу мерзімі « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

Университет ректоры \_\_\_\_\_ **Е.Б. Аймагамбетов**  
**М.О.**

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

ҚарУ Қазтұтынуодағына қайтарылады  
Келу және кету белгісі

Магістрант

\_\_\_\_\_

өндірістік тәжірибеден өту үшін

Келді: _____ _____ (кәсіпорынның атауы) « _____ » _____ 20__ ж. М.О., қол	Кетті: _____ _____ (кәсіпорынның атауы) « _____ » _____ 20__ ж. М.О., қол
--	--

## ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ ҚАЗТҰТЫНУОДАҒЫ

## ЕСЕП

өндірістік тәжірибеден өту туралы

Магістрант \_\_\_\_\_

Курс \_\_\_\_\_

Топ \_\_\_\_\_

Білім беру бағдарламасы: 7M04118 «Спорт менеджменті» (EMBA)

Тәжірибе өткен жер: \_\_\_\_\_

Тәжірибенің басталуы \_\_\_\_\_

Тәжірибенің аяқталуы \_\_\_\_\_

Есеп университет тарапынан тәжірибе жетекшісімен қаралды

Есеп қорғалды, баға \_\_\_\_\_

Қорытынды баға \_\_\_\_\_

Комиссия:

_____	_____
_____	_____
_____	_____

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ ж.

## Магістранттың жеке жоспар-кестесі

№	Тәжірибе бағдарламасына сәйкес орындалуға жататын жұмыстардың атауы	Орындау мерзімдері басталуы	аяқталуы	Ескертулер
1	2	3	4	5
1				
2				
3				

## **Жұмыстардың үлгілік атаулары (2-бағана):**

–Ұйыммен, оның құрылымымен, қызмет түрлерімен және нормативтік базасымен танысу

–Кадрлық құжаттаманы және штат кестесін зерделеу

–Персоналмен жұмысқа қатысу (кеңестер, кадрлық мәселелерді талқылау)

–Спорт нысандары мен жабдықтардың техникалық құжаттамасын зерделеу

–Жоспарлы-алдын алу техникалық қызмет көрсету жүйесін талдау

–Ұйымның жоспарлау мен есептілік жүйесін зерделеу

–Ұйымды басқарудың цифрлық құралдарымен танысу

–Қаржылық моделді, кіріс пен шығыс құрылымын зерделеу

–Қаржылық және статистикалық есептілікпен танысу

–Ұйымға арналған басқарушылық ұсынымдарды әзірлеуге қатысу

–Тәжірибе бағыттары бойынша аналитикалық жазбалар дайындау

–Тәжірибе күнделігі мен есебін ресімдеу

**ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ ҚАЗТҰТЫНУОДАҒЫ**

«Дене шынықтыру және спорт менеджменті» кафедрасы

**КҮНДЕЛІК-ЕСЕП**

өндірістік тәжірибеден өту туралы

Магістрант \_\_\_\_\_

Курс \_\_\_\_\_

Топ \_\_\_\_\_

Білім беру бағдарламасы: 7M04118 «Спорт менеджменті» (EMBA)

**Тәжірибе базасы мен жетекшілер туралы жалпы мәліметтер**

Тәжірибе өткен жер: \_\_\_\_\_

Кәсіпорын тарапынан тәжірибе жетекшісі \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, білімі, ғылыми дәрежесі)

Университет тарапынан тәжірибе жетекшісі \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, білімі, ғылыми дәрежесі)

**КҮНДЕЛІК-ЕСЕПТІҢ МАЗМҰНЫ**

№	Бағдарлама бойынша күн сайын орындалған (зерттелген) жұмыстардың атауы	Орындау мерзімдері басталуы	аяқталуы	Кәсіпорын тарапынан тәжірибе жетекшісінің қолы
1	2	3	4	5
1				
2				
10				

Магістранттың қолы \_\_\_\_\_

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_\_ ж.

**Кәсіпорын тарапынан тәжірибе жетекшісінің магистрант туралы  
мінздемесі**

---

---

---

---

---

---

---

---

Тәжірибе жетекшісі

---

---

## Өндірістік тәжірибе бойынша баға

Кәсіпорын тарапынан тәжірибе жетекшісі магистранттың тәжірибеден өтуін кестеге сәйкес бағалауы тиіс.

Әріптік жүйе бойынша баға	Балдардың сандық баламасы	Пайыздық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4,0	95–100	Өте жақсы
A–	3,67	90–94	
B+	3,33	85–89	Жақсы
B	3,0	80–84	
B–	2,67	75–79	
C+	2,33	70–74	
C	2,0	65–69	Қанағаттанарлық
C–	1,67	60–64	
D+	1,33	55–59	
D	1,0	50–54	
FX	0,5	25–49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0–24	

Кәсіпорын тарапынан тәжірибе жетекшісінің бағасы \_\_\_\_\_

Кәсіпорын басшысының Т.А.Ж., лауазымы

\_\_\_\_\_

Қол \_\_\_\_\_ М.О.

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

## ТӘЖІРИБЕ БОЙЫНША ПОРТФОЛИО

Магістрант \_\_\_\_\_  
Курс \_\_\_\_\_  
Топ \_\_\_\_\_  
Білім беру бағдарламасы: 7M04118 «Спорт менеджменті» (EMBA)

### Портфолионың мазмұны

Портфолио тәжірибе барысында магістрант дайындаған алғашқы аналитикалық материалдарды қамтиды:

–№ 1 аналитикалық жазба: «[ұйымның атауы] персоналды басқару жүйесі» (кадрлық құжаттар үлгілерін қоса).

–№ 2 аналитикалық жазба: «[ұйымның атауы] техникалық пайдалану және инфрақұрылымды басқару» (техникалық құжаттарды қоса).

–№ 3 аналитикалық жазба: «[ұйымның атауы] ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз ету жүйесі» (жоспарлар мен есептер үлгілерін қоса).

–№ 4 аналитикалық жазба: «[ұйымның атауы] табыстылықты басқару және қаржылық есептілік» (аналитикалық кестелерді қоса).

–Басқарушылық ұсынымдар: ұйым қызметін бір немесе бірнеше бағыт бойынша жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

–Тәжірибе кезеңіндегі магістрант қызметін суреттейтін фото-, бейнематериалдар мен өзге де құжаттар (ұйымның рұқсаты болған жағдайда).

## Өндірістік практиканы ұйымдастыру және өту сапасы туралы САУАЛНАМА

Сізге осы сауалнамамен танысып, қойылған сұрақтарға жауап беруіңізді сұраймыз. Сіздің жауаптарыңыз ұйымның сапасы мен практиканың тиімділігін жақсартуға ықпал ететін шаралар жүйесін жасауға мүмкіндік береді.

Жауап нұсқалары ұсынылатын сұрақтарда-сіздің ойыңызға ең жақын жауап нөмірін білдіретін әріпті дөңгелектеңіз.

Білім беру бағдарламасы \_\_\_\_\_

Практика базасының атауы \_\_\_\_\_

Тәжірибе базасын бағалаңыз:

1. Тәжірибе базасында Сіздің мамандығыңыздың бейіні/дайындық бағыты бойынша құрылымдық бөлімшелер болды ма а) иә б) жоқ

2. Сізге тәжірибе базасынан білікті мамандар көмек көрсетті ме? а) иә б) жоқ в) әрқашан емес

3. Тәжірибе негізінде шеберханаларды, зертханаларды және т. б. пайдалануға мүмкіндігіңіз болды ма?

4. Сіз еңбек жағдайларын қауіпсіз деп санайсыз ба? а) иә б) жоқ

5. Практика бағдарламасында көзделген барлық оқу міндеттерін осы практика базасында кешенді шешуге мүмкіндігіңіз болды ма а) иә б) жоқ в) әрқашан емес

6. Тәжірибе базасын материалдық-техникалық қамтамасыз ету Сізді қанағаттандырды ма? а) иә б) жоқ

7. Сіздің біліміңіздің теориялық деңгейі тәжірибеден өту үшін жеткілікті болды ма? а) иә б) жоқ в) әрқашан емес

8. Тәжірибе қаншалықты тиімді ұйымдастырылды? а) тиімді б) тиімсіз в) тиімсіз

9. Егер Сіз алдыңғы сұрақтың 2 немесе 3-тармақтарын атап өтсеңіз, сіздің ойыңызша тәжірибе неге тиімді жүргізілмеді (бірнеше жауап нұсқаларын таңдауға болады)? а) практиканың нашар ұйымдастырылуы; б) университеттен практика жетекшісі тарапынан практиканың өтуін бақылаудың жеткіліксіздігі; в) студенттердің практикадан өтуге мүдделіінтересстігі; г) практика базалары тарапынан басшылардың жүктемесі; д) өзге де себептер, атап айтқанда \_\_\_\_\_

10. Сіз практика бағдарламасында қамтылған практиканы ұйымдастыру және өту бойынша әдістемелік нұсқаулардың сапасына қанағаттанасыз ба? а) иә б) толық емес в) жоқ

11. Егер сіз 10-тармақтағы сұраққа "жоқ" немесе "толық емес" деп жауап берсеңіз, себебін көрсетіңіз: \_\_\_\_\_

12. Практикадан өткенге дейін қандай мақсаттар қойдыңыз: а) тәжірибеде теориялық білімді бекіту; б) одан әрі жұмысқа орналасу үшін практика базаларынан басшылармен жеке байланыс орнату; в) практикалық дайындық деңгейін арттыру; г) жауаптың басқа нұсқасы \_\_\_\_\_

13. Тәжірибе барысында сізге университет басшылары нақты көмек көрсетті ме? а) иә б) жоқ в) әрқашан емес

14. Болашақта осы кәсіпорында еңбек жолыңызды жалғастырғыңыз келе ме? а) иә; б) жоқ; в) Мен осында жұмыс істеп жатырмын; г) менімен одан әрі ынтымақтастық туралы шарт жасасты.

15. Тәжірибеден кейін болашақ мамандық туралы ойыңыз өзгерді ме? а) иә б) жоқ

16. Практиканы ұйымдастыру және өту бойынша Сіздің ұсыныстарыңыз, ескертулеріңіз және тілектеріңіз \_\_\_\_\_